

## Банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы (2007 жылғы 1 ақпандағы)

2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	На 1.01.2007	На 1.02.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар <sup>1</sup>	16	16
	<b>Жиынтығы</b>	<b>26</b>	<b>26</b>

### Ипотекалық ұйымдар


**Активтер.** 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйым активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 3 785,7 млн. теңгеге немесе 3,0 %-ға өсіп, 130 340,0 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдары активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 82,9% (108 022,2 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 9,8% (12 770,6 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарда орналастырылған салымдарға –1,3% (1 672,9 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 2,0 % (2 550,0 млн. теңге) келіп отыр.


Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.02.2007		Өсім, (%-бен)
	млн. теңге	жиынтыққа % -бен	млн. теңге	жиынтыққа % -бен	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	171,4	0,1	48,7
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	1 672,9	1,3	2,3
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	12 770,6	9,8	-0,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	2 550,0	2,0	0,0
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	0	0	-
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	108 022,2	82,9	4,4
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	2 711,2	2,1	-1,5
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 408,9	1,1	39,8
Басқа активтер	2 238,60	1,8	1 032,8	0,8	-54,1
<b>Барлығы активтер</b>	<b>126 554,3</b>	<b>100</b>	<b>130 340,0</b>	<b>100</b>	<b>3,0</b>

<sup>1</sup> Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың есеп беруі тоқсан сайынғы негізде ұсынылады

**1.01.07ж. Жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)**



**1.02.07ж. Жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)**




**Кредиттік портфель.** 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 3,4%-ға өсіп, 108 022,3 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 91,9%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 7,8%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі сол деңгейде 0,2%-да қалды.

Несие портфелі сапасының динамикасы	1.01.2007		1.02.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
<b>Барлық несие портфелі</b>	<b>104 432,9</b>	<b>100</b>	<b>108 022,3</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>97 922,0</b>	<b>93,8</b>	<b>99 302,5</b>	<b>91,9</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>6 317,0</b>	<b>6</b>	<b>8 455,9</b>	<b>7,8</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	6 194,2	5,7
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1467,7	1,4
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	397,9	0,4
<i>4 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	283,6	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	112,5	0,1
<b>Үмітсіздер</b>	<b>193,9</b>	<b>0,2</b>	<b>263,9</b>	<b>0,2</b>

**Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы,  
млрд. теңгемен**




1 ақпандағы жағдай бойынша жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,5% құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 43,5%, «БТА Ипотека» АҚ - 46,0%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 10,0%.


**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдары міндеттемелердің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 3 281,7 млн. теңгеге немесе 3,3 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 102 118,4 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (66,6%-ке) және басқа банктерден алынған заемдардың (30,0%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	1.01.07		1.02.07		Өсім %-пен
	млн. теңге	%-пен жиынтығы	млн. теңге	%-пен жиынтығы	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	30 604,1	30,0	9,4
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0,0	-
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	67 987,2	66,6	0,6
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	842,4	0,8	6,9
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	2 491,5	2,4	0,0
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>98 836,7</b>	<b>100</b>	<b>102 118,4</b>	<b>100</b>	<b>3,3</b>

**1.01.07ж. Жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)**



**1.02.07ж. Жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)**



**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 ақпандағы ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 289,7 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіне қарағанда мейлінше көп. (2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 57,7 млн. теңге), Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 1 675,4 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 ақпанда – 877,6 млн. теңге), шығыстар – 1 385,7 млн. теңге (2006 1 ақпанда – 819,9 млн. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдарының кірістілігі, млн. теңгемен	млн. теңге		
	01.02.06	01.02.07	Өзгеріс (+;-), % -бен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	770,6	1 300,1	68,7
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	475,3	737,8	55,2
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	7,5	172,5	23 рет
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар			
Расходы, не связанные с выплатой вознаграждения	334,3	639,6	91,3

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдер бойынша (71,4% немесе 1 195,9 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында - бағалы қағаздар бойынша (35,5% немесе 491,4 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2007 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 0,1 млн. теңгеге немесе 1,8%-ға өсіп, ағымдағы жылдың басынан бастап 28 221,6 млн. теңгені құрады.

Ақпаратты Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.